

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің бюджет процесі бойынша ақпарат алмасуы туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 мамырдағы № 520 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің бюджет процесі бойынша ақпарат алмасуы туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің бюджет процесі бойынша ақпарат алмасуы туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

28

мамырдағы

№ 520

қаулысымен

бекітілген

Жоба

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің бюджет процесі бойынша ақпарат алмасуы туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттердің үкіметтері

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шарттың ережелерін басшылыққа алып,

Тараптар мемлекеттерінің бюджет заңнамасын үйлестіру саласында ынтымақтастықты дамытуға зор мән бере отырып және келісілген тәсілдер құруда өзара іс-қимыл жасауға ұмтыла отырып,

тұрақты түрде ақпарат алмасуды ұйымдастыруда бір-біріне жәрдем көрсеткен жөн деп тани отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын терминдер мыналарды білдіреді:
«бюджет» – мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару қызметін қаржылай қамтамасыз етуге, олардың міндеттері мен функцияларын іске асыруға арналған ақшалай қаражатты қалыптастыру мен жұмсау нысаны;
«шоғырландырылған (мемлекеттік) бюджет» – бюджеттер арасындағы өзара өтеу операцияларын есептемегенде, бюджет жүйесінің барлық деңгейлері (бюджеттен тыс мемлекеттік қорларды қоспағанда) бюджеттерінің жиынтығы;
«бюджет процесі» – мемлекеттік органдар мен бюджеттер жобаларын қалыптастыру және қарау, бюджеттерді бекіту және атқару, олардың атқарылуын бақылау, бюджеттік есепке алуды жүзеге асыру, бюджеттік есептілікті қарау және бекіту бойынша бюджет процесінің өзге де қатысушыларының Тараптар мемлекеттерінің заңнамасымен регламенттелген қызметі;
«уәкілетті органдар» – Тараптар мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуды, бюджет, салық қызметін, мемлекеттік борышты, бухгалтерлік есеп пен бухгалтерлік есептілікті талдау және болжамдау саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы билік органдары.

2-бап

Тараптар бюджет саясатын іске асыру мәселелерінде тәуелсіздікке ие бола отырып, нормативтік-құқықтық актілермен және мемлекеттік құпияны қамтитын ақпаратты қоспағанда, ақпаратпен және мынадай мәселелер:
әлеуметтік-экономикалық даму болжамы (бағдарлама, жоспар);
орта мерзімді (перспективалы) қаржылық бағдарлама (саясат, болжам, жоспар);
салық-бюджет саясатының негізгі бағыттары;
республикалық (федералдық) және (немесе) шоғырландырылған (мемлекеттік) б ю д ж е т т е р ;
салық-бюджет жүйесінің негізгі көрсеткіштері;
республикалық (федералдық) және (немесе) шоғырландырылған (мемлекеттік) б ю д ж е т т е р д і ң а т қ а р ы л у ы ;
бюджет процесін жетілдіру бойынша таратылуы мен қол жеткізу Тараптардың нормативтік-құқықтық актілерімен шектелген өзге де ақпаратпен алмасады.

3-бап

Уәкілетті органдар бір-біріне бюджет процесі бойынша мерзімді басылымдар мен жарияланымдарды жібереді.

4-бап

Уәкілетті органдар осы Келісімнің ережелерін орындау мақсатында осы Келісімнің 2 және 3-баптарында көрсетілген нормативтік құқықтық актілер қабылданғаннан және басылымдар мен жарияланымдар шығарылғаннан кейін бір ай мерзімде көрсетілген құжаттармен алмасады.

5-бап

Уәкілетті органдар қажет болған жағдайда, Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің қаржы-экономикалық саясаты жөніндегі кеңес шеңберінде бюджет процесін жетілдіру мәселелерін талқылау үшін басшылар немесе сарапшылар деңгейінде кездесулер өткізеді.

6-бап

Тараптар ұдайы консультациялар, семинарлар және өзара мүдделілік туғызатын өзекті мәселелер мен проблемалар бойынша жұмыс кездесулерін өткізеді.

Тараптар бір-біріне Тараптар мемлекеттерінің мамандарын мамандандырылған оқу орталықтарында оқытуда жәрдемдеседі.

7-бап

Осы Келісім шеңберіндегі ақпарат орыс тілінде беріледі.

8-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

9-бап

Тараптар арасындағы осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

Егер дау тараптарының бірі даудың екінші тарапына жіберген консультациялар мен келіссөздер өткізу туралы ресми жазбаша өтініші түскен күннен бастап 6 ай ішінде дау тараптары дауды реттей алмаса, онда дау тараптарының арасында оны шешу тәсіліне қатысты өзге уағдаластық болмаған жағдайда, дау тараптарының кез келгені бұл дауды қарау үшін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың сотына беруге құқылы.

10-бап

Осы Келісім күшіне енгізілгенінен кейін Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше болып қабылданған басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Осы Келісімге қосылу туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады.

Қосылған мемлекеттерге қатысты осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап күшіне енеді.

11-бап

Осы Келісім депозитарий болып табылатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитеті Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап 30 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап 5 жыл бойы қолданылады. Бұл мерзім өткеннен кейін осы Келісім автоматты түрде келесі 5 жылдық кезендерге ұзартылады.

Кез келген тарап осы Келісімнің тиісті 5 жылдық қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін кемінде 6 айдан бұрын депозитарийге бұл туралы жазбаша ескерту жіберіп, осы Келісімнен шыға алады.

2013 жылғы «___» _____ қаласында орыс тілінде бір данада
ж а с а л д ы .

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жіберетін депозитарийде сақталады.

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін